УДК 141.131 https://doi.org/10.48010/2020.4/1999-5911.10

Әсет Құранбек, Таиржан Оразхан (Алматы, Қазақстан)

ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ПЛАТОННЫҢ СӨЗ ӨНЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ СЫНЫ

Аннотация. Мақалада қазақтың көрнекті ақыны Өтежан Нұрғалиевтің Платон философиясы, оның өнер, соның ішінде сөз өнеріне қатысты сынының мәні, ойшылдың онтологиясы мен таным теориясы, идеялар ілімінің, сондай-ақ Ж.-П. Сартрдың поэзия тілінің проза тілімен салыстырғандағы ерекшелігі туралы пайымдауларының негізінде қарастырылып, осы тұрғыдағы сөз өнерінің болмысы бағамдалады. Платонның еліктеу өнерін шындықтың өзін емес, оның көлеңкесін бейнелейді, көлеңкенің көлеңкесін салады деп есептеуінің сыры өнердің қоғамдық маңызын, тәрбиелік, өнегелік мәнін, мойнындағы жауапкершілік жүгін тереңнен түйсінгендіктен де екендігі дәйектеледі.

Түйін сөздер: болмыс, таным, идея, ақиқат, білім, рәміз, еліктеу, катарсис, поэзия.

Кіріспе

Әдебиетке өткен ғасырдың алпысыншы жылдары өлеңдеріндегі жаңа бояу, тың үн, тосын мінезімен «жаңбыр болып құйып, нөсер болып төгіліп келген», «жүрек жалынының қызуы, ынта-жігері, қызу қандылығы, дүниені өзінше қиялында көру мен поэтикалық жинақтауы сияқты қасиеттерімен» [Қайырбеков 1968] табиғаттағы да, өмірдегі де сұлулықты, сонымен бірге адам жанына қаяу салатын елеусіз жағдайлар мен көріністердің өзін көзі шалып, өлеңге қосқан ақын Өтежан Нұрғалиев, шығармашылығының үшінші кезеңінде әлемдік философия, жалпыадамзаттық құндылықтар туралы толғана келіп, олардың қазаққа да жат еместігін түсінеді. Себебі бұрынғы қазақ ойшыл келетін. Ауыз әдебиеті мен фольклор халықтық таным негіздерін бойға сіңіру арқылы әрбір адамның өмір жайлы ұшқыр қиялдарға беріліп, дүние болмысы туралы дербес ойлай алатын қабілеттерін дамытқан. Халықтың көшпелі өмірсалтына негізделген тұрмыс-тіршілігі де дархан ойдың кемелдігіне жағдай жасаған. Осыны пайымдаған ақын халқымыздың ой-танымының бағзы замандардан бері-ақ Шығыстың даналары мен гректің ойшыл жұртының дүние, болмыс жайлы таным-түсініктері, ой-толғамдарымен байланысып, сабақтасып жатқанын бағамдайды.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруда антика дәуірі мен ортағасырлардағы философиялық дәстүрлерден бастау алған көркем шығармашылықтың дүниетанымдық болмысын зерделеудің теориясы мен методологиясы бағдарға алынып, Платонның сөз өнеріне қатысты пайымдауларының мәнін түсінуде мәтіннің семиотикалық мән-мазмұнын бағамдауға мүмкіндік беретін герменевтикалық тәсілге сүйендік. Сонымен қатар зерттеуде салыстырмалы-компаративистік, логикалық пен тарихилықтың бірлігі, абстрактіліктен нақтылыққа өрлеу, жалпылау, сондай-ақ анализ, синтез, индукция, дедукция, салыстырмалы-тарихи методология, құрылымдық-функционалдық талдау әдістері мен принциптері де басшылыққа алынды.

«Өнер дегеніміз – еліктеуге еліктеу, көлеңкенің көлеңкесін салу»

Ақын Өтежан Нұрғалиев «Афина мектебі» өлеңдер жинағында «Ұйықтап өткендерді ояту», «Асқар таудың өлеңі», сондай-ақ «Сократқа бару» және «Платон. Ой. Идея. Ақыл дүниесінің күні» атты өлеңдерінде Сократ пен Платон философиясының негізгі идеяларын, атап айтқанда Сократтың философиялық ұстанымы, оның ирониясы мен майевтикасы, индукциясы мен диалектикасы, әлі де талай ұрпақты толғандырар қоғаммен арақатынасы, өлімінің сырын пайымдап, Платонның философиялық жүйесі, идеялар туралы ілімінің мәнін, Платон ілімінің қалай қалыптасқаны, оған кімдердің ойлары әсер етіп, алғышарт болғанына дейін талдау арқылы өзінің философияға келудегі мақсаты мен философия биігіне шығып ақиқатты тану арманын жырға қосады.

Сонымен қатар Өтежан Нұрғалиев [2012, 309 б.] өзінің философиялық ой-толғамдарында: «Платон менің досым, бірақ шындық Платоннан артық!». Бұл Аристотельдің сөзі. Сонда Платонның өтірікші болғаны ма? – деп сауалдап, – Иә, Платон шындыққа бару үшін өтірікке барған. Ол өтірігі – оның идеясы. Идеялар әлемін бірінші кезекке қойғаны» деп жазады. Платонның «Идеалды мемлекет», ондағы поэзияның орнын егжей-тегжейлі талқылайтын «Мемлекет» еңбегінің 2, 3 және 10-кітаптарында сөз өнерінің мемлекет қорғаушыларын тәрбиелеудегі маңызы, ақиқат және еліктеу өнері, қоғамдағы ақындардың орны т.б. қатысты ойларына сүйене отырып, Платонның «елден ақындарды, әрбір демагогты аластамай ол ел ешқашан көгермейді» деген тұжырымға келгенін айтады.

Аталған кітаптарда Платон мемлекет қорғаушыларының тәрбиесінде поэзия мен дене тәрбиесіне (музыка мен гимнастикаға), белгілі бір дәрежеде теңдей көңіл бөлінуі қажеттігін, яғни жан мен тәнді қатар

тәрбиелеп, шыңдауды құптайтынын білдіреді. Бірақ еліктеу өнеріне, оны жасаушы ақындардың ақиқатты айтып, шындықты бейнелейтініне күмәнмен қарайды. Олар нағыз идеяны, заттардың шынайы болмысын емес, суретші немесе ағаш ұстасы тәрізді олардың сыртқы түрін, алдамшы бейнесін жасайды деп білді. Яки болмаса өздері терең білмейтін кәсіп, өмірдің жағдайы, сезім күйі туралы, олар жайлы объективті шындықты емес, субъективті түсініктері тұрғысынан сөз етіп қоғамды адастырады деп есептеді. Поэзиядағы, кейіннен Аристотель қайғыға ортақтасу арқылы катарсиске жету, тазару деп санаған өнердің эстетикалық қуатын, Платон [1971]: «Махаббат машығы бар, ашу, ыза, кез келген көңіл әуестігі бойдағы елегізу мен құштарлықты оятып, адамдағы поэтикалық еліктеуге деген желігуді тудырады. Ол сыртқа шығып кетпей бақылауда болуы қажет, бас көтеріп кетіп, адамға үстемдік етіп, оны бақытсыз хәлге түсіретін, тереңге тамырланып кетпей тұрып солуға тиіс сезімдерді нәрлендіреді» деп жазады.

Яғни Платонның ойынша, адамның махаббат мұңынан жүдеп, не басқа бір ашу-ызадан қыстап, қайғы-қасіреттен жабығып жүрген кезінде ақындардың шығармалары олардың қайғысына қайғы жамап, мұңын қатпарлап, жан жарасын тырнап, одан ары азапқа салып қинауы мүмкін. Платонның айтқанымен келісу қиын болғанымен, сөзінің белгілі бір дәрежеде жаны бар екенін де жоққа шығаруға болмайды. Өйткені поэзия Аристотель, Виссарион Белинский, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Сағат Әшімбаев сынды сөз өнерінің білгірлері бағамдағандай, барша адамзатқа ортақ сезімдерді жырға қосып, дүниені бір қырынан емес, тұтастықта көруге мүмкіндік беретін, осы жағынан философияға ең жақын өнер түрі. Оның міндеті Гегель пайымдағандай: «адам бойындағы барша ізгі қасиеттер мен сезімдерді оятып, өмір сүруге, жақсылыққа, әдемілікке деген құштарлығын арттыру, ізгілікті жақтап, зұлымдықтан жиренуге шақыру» [Гегель 1968]. Өлеңнің осы талаптарына толық жауап беретін, Мұқағалидың лирикалары сияқты нағыз поэзия ғана жан дүниенің тазарып, әлемге басқаша қарауға көмектесетін рухани бір серпіліс әкелмесе, әсіресе қазір көбейіп кеткен жылаңқы әндердің сөздері шынымен де Платон айтқандай әсерден өзге ештеңе де бермеуі мүмкін. Платонның қауіптеніп, өзінің идеалды мемлекетінен аластауды ойлаған ақындары нағыз поэзияны жасаушылар емес, ақиқаттың мәніне терең үңілуді білмейтін, айнала дүниеге жөн-жосықсыз еліктеп, әр нәрсені өлеңге қосып қоғамға зиян келтіруі мүмкін сөз шығарушылар деп есептейміз.

Платонның идеялар теориясы

Сократ пен Платонның өнер атаулыға олардың ақиқат дүниені емес, оның көлеңкесін салады, сөйтіп адамды, қоғамды адастырады деп күдікпен қарауының мәнісін Платонның идеялар теориясы арқылы түсінуге болады. Сократқа дейінгі философияның басты мәселесі дүниенің түпнегізін іздеу, әлемнің пайда болуы мен өмір сүруінің сырын түсіндіру сияқты табиғат философиясының мәселелері болғаны белгілі. Олар табиғат пен ғарышты көзге көрінетін заттар және сезім мүшелері арқылы қабылданатын әлем ретінде түсінді. Оның пайда болуының себептерін жекелеген – су, ауа, от, топырақ, ыстық және суық, махаббат пен зұлымдық сияқты жекелеген стихиялар мен олардың әрекеттестігінен орын алады деп білді. Платон болса, әлемнің пайда болуы мен өмір сүруі, оны танып-білу мәселесіне таза ақыл-ой, рационалдылық тұрғысынан келіп, сезімдік таным аймағынан тыс жатқан, физикалық емес, тек таза ақыл-ойдың көмегімен танылатын кеңістік болып табылатын – мүлдем жаңа шынайылық әлемін ашады. Бұл болмыстың көзге көрінетін феноменалды және зерде арқылы ғана пайымдауға болатын метафизикалық аймақтары, басқаша айтқанда материалды және идеалды болмыстың болатыны туралы танымның қалыптасуына әкелді.

Платон шынайы дүние болмысының біздің қабылдауымыз бен түсінуіміздің сыртқары жатқанын көрсеткісі келді. Оның ойынша, адамдардың басым көпшілігіне қоршаған ортаны алғашқы сәтте қалай байқаса, сол күйінде қабылдау дағдысы тән. Платон мұны қанағат тұтпады. Ол қарапайым адамның әдеті саналатын қандай да бір объектінің сыртқы қасиеттерін бейқам да үстірт қабылдау дағдысы мен философтың әдісі саналатын нақты дүниенің мәні туралы терең пайымдау дағдысы арасындағы айырмашылықтарды көрсетуге ұмтылды. Платонның пікірінше, қарапайым адамдар әсем дүниелерге, жекелеген жақсы нәрселерге қызығады, сол өмірлік заттарды маңызды деп есептейді. Ал философты сол әдеміліктің өзі қызықтырады. Сондықтан Платон жекелеген әдемі заттар мен көркем дүниеге қызығатындардың көзі ұйқыда, ал абсолютті әсемдік дегеніміз не, оның табиғаты қандай екенін білетін адам ғана ояу адам деп санады. Олардың алғашқысы дүние жайлы тек пікірді иеленсе, екіншісі білімді болып саналады. Себебі дүниедегі жекелеген заттардың бәрі, өзінде оның болмыс пен болмысеместіктің аралығында орналасқандығын дәлелдейтін екі түрлі бір-біріне қарама-қайшы қасиеттерді тең иеленеді. Яғни бір нәрсе әсем болғанымен, кей жағдайда ол ұсқынсыз болуы мүмкін (ең әдемі деген маймылдың өзі адаммен салыстырғанда ұсқынсыз) немесе бір жағдайда әділ болып саналатын шешім, екінші бір жағдайда әділетсіз болып шығуы мүмкін. Сондықтан сезімдік заттар әлемі туралы білім

емес, тек пікір ғана туындайды. Яғни көрнеу дүние заттары туралы сезім мүшелері арқылы көріп-білетініміз тек пікір болып шығады. Ал білімді беретін, сол сезімнен тыс жатқан мәңгі дүние болмысы, яғни әсемдіктің өзі туралы танып-білген, анықталған нәрселер ғана болмақ.

Мұндағы шынайы білімді беретін сезімдік қабылдаудан тыс жатқан әлем дегеніміз, Платонның идеялар теориясында түсіндіретін нағыз ақиқат, мәңгі, шынайы дүние болмысын білдіреді. Бертран Расселдың пікірінше, бұл теорияның мәні бір жағынан логикалық болса, екінші жағы метафизикалық болып табылады. Бұл теорияның логикалық бөлігі сөздердің жалпылама мағынасымен байланысты. Мәселен, «Бұл – мысық» деп айтуға болатын көптеген хайуанаттар бар. Біз айтқан «мысық» деген сөз нендей мағына білдіреді? Дәлірек айтсақ, «мысық» деп аталу үшін ол хайуанат қандай болуы керек? Жауап мынау: оның бойында барлық мысықтарға тән сипат болуы керек. Әрине, әрбір нақты мысықтың өзгеше белгілері оның да бойында болуға тиіс. Тілдің «мысық» сияқты жалпылама сөздерсіз өмір сүруі де, дамуы да мүмкін емес, ал мұндай сөздердің мағынасыз болмайтыны анық. Алайда «мысық» сөзі бір нәрсені білдірсе, онда бұл жекелеген мысықтарға емес, барлық мысықтарға тән сипатты білдіреді. Қысқасы, мысық туралы айтқанда, оның туған немесе өлген уақыты туралы сөз қозғай алмаймыз. Өйткені бұл жалпы ұғым. Сондықтан оның кеңістікте немесе уақытта орны жоқ. Ол «мәңгі». Бұл ілімнің логикалық бөлігі. Шындыққа сай келе ме, жоқ па, бәрібір логикалық теория пайдасына қарай айтылатын дәлел-дәйектер метафизикалық теорияға бағынбайтын ең мықты дәлел-дәйек болып есептеледі. Ілімнің метафизикалық бөлігіне сәйкес «мысық» сөзі еш міні жоқ мысық деген ұғымды білдіреді, яғни еш кемшілігі жоқ, Құдай қай- таланбайтындай дара етіп жаратқан мысық. Барлық мысықтардың қасиеті бойында бар жекелеген мысықтар да бар. Салыстырмалы түрде бұлардың біреуі тәуірлеу, екіншілері одан гөрі нашарлау. Нашарлау болғандықтан да, бұлардың саны көп. Сондықтан идеалды мысық қана шынайы да, жекелеген мысықтар шынайы болып қана көрінеді [Рассел 2020, 157-158 бб.].

Мемлекеттің 10-кітабында Платон идеялар немесе формаларға қатысты өз ойын айқын да анық түсіндіреді. Мәселен, көптеген нақты кереуеттер болғанымен, оларға ортақ «кереует» деген жалғыз идея немесе форма ғана нақты өмір сүреді. Яғни жекелеген кереуеттер Құдай жаратқан оның нақты өзі емес, айнадағы көрінісі тәрізді шынайылыққа жатпайтын оның әр алуан формадығы көріністері ғана болуы мүмкін. Платон бойынша, осы Құдай жаратқан жалғыз кереует туралы пайым ғана білім болуы мүмкін, өзге жағдайларда, яғни ағаш ұстасының қолынан шыққан кереуеттер туралы түсініктердің барлығы тек пікір болады. «Философты қызықтыратыны, – дейді, – нағыз кереует қана. Оны сезім әлеміндегі

көптеген кереуеттер қызықтырмайды. Ол күнделікті күйбең тіршілікке қатысты жайларға көп бас ауыртпайды». Платон тек осындай адамдарды, яғни заттардың шынайы болмысын тани алатындар ғана мемлекет қорғаушысы, философ болуға лайық деп есептейді.

Платон осы таза идеяларды танудағы айқын интеллектуалдық пайымдау мен бұлыңғыр сезімдік қабылдау айырмашылығын көздің көру қабілетімен салыстыра отырып түсіндіруге тырысады. Көру үшін көз керек. Көз көруге тиіс белгілі бір обьект керек. Бұған қоса, сол затты айқын көру үшін жарық керек. Күн сәулесі мол түссе, зат та айқын көрінеді. Ымырт қараңғылығында ол затты айқын көре алмаймыз. Ал тастай қараңғыда ол зат мүлде көрінбейді. Идеялар әлемі күн сәулесі молынан түсіп тұрған кезде анық көрінетін заттар сияқты. Ал өтпелі құбылыстар әлемі ымырт қараңғылығында көрген заттар тәрізді. Көз адамның жан әлемі іспетті. Ал күн айдай анық ақиқат сияқты, адамға берілген игілік тәрізді [Рассел 2020, 158–160 бб.]. Осыған қатысты әл-Фарабидің пікірін келтірсек, оның ойынша да көздің қызметі көру болғанымен, жарықсыз ол да ештеңені көре алмайды. Ойшыл: «Көру, – деп жазады, – субстанция. Көздің денесі оның материясы, ал көздің көру қабілеті соның формасы болып табылады. Тек осыларды біріктіргенде ғана көру шындыққа айналмақ. Басқа табиғи денелердің бәрінің де жағдайы осылай» [Әбу Насыр әл-Фараби 2007, 39 б.].

Платонның «Үңгір туралы аңыз» әфсанасы және Сократ

Платон осы идеялар туралы ілімін түсіндіру үшін «Мемлекеттің» 7-кітабында «Үңгір туралы аңыз» әфсанасын жазған. Бұл кітапта Сократ Главконға қарап: «Өзің көз алдыңа елестетші, үлкен үңгірдің ішінде қол-аяқтары кісендеулі адамдар арқаларын үңгірдің жарық түсетін ауыз жағына беріп, өздері үңгірдің келесі жақ бетіндегі қабырғаға қарап отыр. Ол адамдар туғалы осы үңгірде. Олардың мойнын бұрып артына қарауға да мүмкіндіктері жоқ. Арқа тұсында сәл аласалау текпішек тәрізді және бір аласа қабырға бар. Одан ары жақта үңгірдің аузына таяу жерде от жанып тұр. Сырттан күн сәулесі көрінеді. Үңгірге таяу маңда иықтарына статуяларды, тағы бір заттарды көтерген адамдар ары-бері жүріп жатыр. Әңгімелесіп барады. Сырт жақтан түскен сәуле үңгір ішіне талмаусыраған жарық түсіріп тұр. Міне осы адамдар жер бетінде тіршілік бар екенін, онда күн сәулесінің жарқырап тұрғанын ғана емес, өздерінің ту сыртындағы жанып тұрған отты да, үңгірдің алдынан өтіп жатқан адамдарды да көре алмайды. Олардың не жайлы әңгімелесіп бара жатқандарын да естімейді. Олардың көретіні алакөлеңке үңгір ішіндегі қарсы алдыларындағы қабырғадағы түскен солардың сұлба түріндегі көлеңкелері мен еститіндері жаңғырған

түсініксіз дыбыстар ғана. Олар осы көргендерін шындық деп ойлайды, соған сенеді. Егер олардың біреуін босатып, шын мәнінде ту сыртында не болып жатқанын көрсетер болсаң ол таң қалар еді. Ал оны үңгірдің аузына қарай апарып, күн сәулесі жарқырап тұрған әлемді көресететін болсаң, көзі қарлығып, талайға дейін оның шындық дүние екеніне сене алмас еді. Ал жарыққа көзі үйренгеннен кейін қайта үңгірге кіретін болса, керісінше, алакөлеңкеде ештеңені дұрыс көре алмас еді» [Платон 1971]. Бұл аңыз бойынша жалпы адам баласын осы үңгір тұтқындарымен салыстыруға болады. Олар Платонның нағыз болмыс деп есептеген идеялар әлемінің өзі емес, көлеңкесі болып табылатын сезімдік заттар әлемін қалай көріп, қалай қабылдаса, соны шындық дүние деп ойлайды. Ал философ болса осы үңгір тұтқындарының арасынан қашып шығып, күннің сәулесін, шынайы өмірді өз көзімен көрген, үңгірде отырып жер бетінде сондай жарық, шынайы дүниенің бар екенін білмейтін достарына шындық деп қабылдаған нәрселерінің сол шынайы өмірдің жалған көлеңкелері ғана екенін айтып, түсіндіру үшін үңгір тұтқындарының арасына қайта оралған адам. Бірақ оған үңгірдегілерге сол шындық туралы көргенін айтып түсіндіру қиынға соғады. Бір жағынан олар мұның айтқанына сенбейді. Екінші жағынан, жарықтан келген адамға үңгір ішіндегі алакөлеңкеде не нәрсені болсын дұрыстап көру қиынға айналады. Фалестің аспанды бақылаймын деп жүріп, аяғының астындағы шұңқырды көрмей орға түсіп кетіп күлкі болатыны сияқты, оның іс-әркетіне де үңгірдегілер күлетін болады. Немесе ол үңгірге қайта оралып, алакөлеңкеге көзі үйреніп болғанша оны Сократ сияқты жауапқа тартып, соттауы мүмкін, ақиқатты білмейтін немесе білгісі келмейтіндермен майдандасып жүріп ғұмыры өтеді, не шындықты дәлелдеймін деп жүріп өзіне жауларды да көптеп жинайды.

Жалпы Сократ пен Платонды екі бөлек қарастыру өте қиын. Сократ ол Платон диалогтарының басты кейіпкері ғана емес, философиясының да басты мәселесі, сондай-ақ даналықтың идеалы, философияның символы. Үңгірге қайта оралып, адамдарға шындық дүние сезімдік заттар әлемінде емес, идеалды болмыс саналатын шынайы болмыстың мекені идеялар әлемінде екенін түсіндірмекші болатын философ та сол Сократ. Жарықтан қараңғы жерге келіп, көзі қарлығып жан-жағын дұрыстап көре алмай, айналасымен араз болатын да, өзіне жауларды көптеп жинайтын да, ақыр аяғы сотты болып өлім жазасына кесілетін де Сократ. Енді Сократтың соттағы сөздерін еске түсіріп, оның өзінің «ештеңе білмейтіндігімді білемін» деген сөзінің мәнін пайымдап, заттар әлемі мен идеялар әлемінің айырмашылығы, Платонның өнерді сынауының басты себебі неде деген сұрақтарға жауап берсек.

Сократқа тағылған «жастарды бұзды, басқа құдайларға табынуға үгіттеп жүр» деген айыптар бойынша өтетін сот процесінде айыпталушы

сөз алады. Ол өзіне айып таққандардың Аристофаннан өзге ешқайсысын танымайтын еді. Сократ өз атына мұндай сөздердің қоғам тарапынан бұрыннан-ақ айтылып жүрген жала екенін және оның мына ресми айыптаудан да ауыр екеніне тоқталады. Ол өзінің оқымысты емес екенін, ұстаз да болмағанын айтады. Себебі ол біреуді оқытқаны үшін ақша алмайтын, ал ақы алатын софистердің адамды кез келген жағдайда қарсыласын жеңіп шығуға үйрететін білімін күлкі қылатын. Сократ ел арасында танымал болуына да, ғайбатталуына да ненің себеп болғанын еске алады. Ол Аполлон храмындағы дельфийлік сәуегейден Херефонттың Афинадағы ең ақылды адам кім деп сұрағанында, оның Сократ деп жауап бергенінен басталған болатын. Сонда оны естіген Сократ таң қалады. Ол өзін ешқашан дана адаммын деп есептемейтін, бірақ Құдайдың өтірік айтуы да мүмкін емес. Сөйтіп ол осы сөздің рас-өтірігін анықтау үшін, бірінші, ел дана деп есептейтін, әсіресе өзінің дана екеніне өзі көбірек сенімді мемлекет қайраткерлеріне барады. Бірақ тексере келгенде олардың ешқандай да ол атаққа лайық емес екендерін көреді. Оны сыпайылап болса да беттеріне айтады. Кейін Сократ ақындарға барып, шығармаларының кейбір жерлерін алып, автордың онымен не айтқысы келгенін түсіндіріп берулерін сұрайды. Бірақ олар да түсіндіріп бере алмайды. Содан ол ақындардың да өз шығармаларын дана болғаннан емес, табиғи қабілетінің арқасында және көріпкел, бақсы-балгерлердің булыққанға ұқсас бір хәлде отырып айтарын айтып, кейін онысын ешбір түсіндіріп бере алмайтыны сияқты жағдайда шығаратынын түсінеді. Ақындық талантымен өзін елдің бәрінен данамын деп санайтынын көреді. Қолөнершілерге де барады. Олардың өз істерінің шебері екенін аңғарады, бірақ олардың да алдыңғылар сияқты өзгелерден өзін ақылманмын деп санайтын дерттен аман емесін көреді. Сөйтіп ол өздерін білімді, данышпанмын деп жүргендердің шын мәнінде ондай адамдар еместігіне көзі әбден жетеді. Оны өздеріне ашық айтамын деп өзіне жауларды да көптеп жинайды. Ақыр аяғында ол: «Афинадағы ең ақылды адам Сократ дегенде Құдай, өзін мысалға ала отырып, адамдардың бір нәрсе жайлы білемін деп жүргені, өзін дана санағаны Құдайға мәлім даналықтың қасында мардымсыз ғана бірдеңе болғандықтан, олармен салыстыранда өзінің ештеңе білмейтінін білетін Сократтан артық ақылды адам жоқ деп дәл айтқан екен» деген тұжырымға келеді [Платон 1971].

Мұндағы Сократтың позициясына келсек, ол өзінің ештеңе білмейтіндігін ғана білетінін айтады. Бірақ ол ештеңе дегенде мүлдем надан, көрсоқырлығын емес, әлденені білетінін айтып тұр. Яғни ол білім дегеніміздің не екенін, және ол қандай болуы керектігін біледі. Демек ол жалпыға бірдей білім дегеніміз не деген сауалға жауап болатын білім критерийін біледі. Бірақ ол білімнің критерийін қазірдің өзінде білім саласының ешқайсысында түбегейлі жүзеге асып, орындала қойды деп

айта алмаймыз. Қай заманда да әр нәрсеге байланысты бәріне бірдей ортақ өлшемге тұтастай қоғамды келістіре қою қиынның қиыны болған. Сократ жағдайында да оның ойлары гректік полистік тәртіп пен сол кездің идеологиясына қайшы келген. Соның өзінде Сократ білім критерийлерін құрастырып, сол арқылы заманындағы шынайы білім деп саналған білімді деконструкциялайды. Яғни Сократтан бастап батыстық ойлау білім мен білімсіздікті ажырату арқылы мәдениетті деконструкциялауды бастайды [Штегмайер 1999].

«Білім – заттардың өзін білу емес, идеялардың мәнін ұғыну»

Бұлардан шығатын қорытынды, Сократтың ең дарынды шәкірті Платон ұстазының идеяларын дамыта отырып шынайы болмыс, нағыз ақиқат дегеніміз заттардың өзі емес, олардың идеясында, тиісінше білім де заттардың өзін білуде емес, сол идеялардың мәнін ұғынуда деген қорытындыға келді. Ал Аристотель болса дүниені заттар мен идеялар әлеміне бөлудің еш қисыны жоқ екенін түсінді. Оның ойынша, болмыс дегеніміз материя мен форманың бірлігінде. Жекелеген зат пен оның идеясын екіге бөліп, оның бірін ақиқат, шынайы болмыс деп, екіншісін оның көлеңкесі, уақытша нәрсе деп санағаннан ештеңе өзгермейді. Яғни Платонның теориясына сай мәңгі өмір сүретін, нағыз ақиқат, шынайы болмыс адам идеясы мен жеке адамды екіге бөлгеннен, нақты тіршілік ететін, материя мен форманың, тиісінше тән мен жанның бірлігінен тұратын, бүгін жер басып жүрген адам өмірі маңызды. Бұл тұрғыдан басқа заттар мен олардың идеялары туралы да осыны айтуға болады. Платонның идеалды мемлекет құру идеясының да Спарталықтардың мемлекет құру тәртібіне қызығудан туғаны белгілі. Жауынгер спарталықтар Афинаны жеңеді. Қоғамдық қатаң тәртіп, бәрінің ортақ болуы, ұлдарды да, қыздарды да әскери өнерге баулу, ер балалардың жиырма жасқа дейін интернат сияқты үйде тұруы т.б. болсын, қыл аяғы мемлекеттің әскери қауіпсіздігін желеу ету, яғни өнер атаулыны шектеп, жауынгерлік дайындыққа көп көңіл бөлу, әр спартандықтың соғыс өнеріне жетік болуын көздеген елдегі бұрындары болған ақын, драматургтардың қатарын жоққа тән еткен саясатқа дейін, Платонның идеалды мемлекет құру идеясының негізі болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Афиналықтарды Спартаның табысты да тиімді (көрінген) мемлекеттік құрылымының қатаңдығы мен қарапайымдығы таңғалдырды. Бірақ сол Спарта мемлекеті, бұрын парсылардың өзіне бой бермей жүріп, б.з.д. 371 жылы Лейктра маңындағы шайқаста көрші фивалықтардан тас-талқан болып жеңіледі [Рассел 2020, 132 б.]. Даңқынан дақпырты асқан Спарталықтар мемлекетінің өмірі ұзаққа созылмайды. Қатаң тәртіпке қарамастан бұл мемлекеттік құрылым да тоталитарлық

жүйелердің ақыр соңында іріп-шіріп күлдері көкке ұшатыны сияқты күйреп тынады. Бертран Рассел бұл туралы «Батыс философиясының тарихында» Спарта жайлы Плутархтың жазғаны оларға қатысты миф екенін, ал шындық мүлде басқа болғанын жазады. Яғни Геродот пен Аристотель еңбектеріндегі спарталықтардың парақорлық пен ақша үшін сатқындыққа жиі баратыны туралы деректер, шектен шыққан қатаң тәртіп, қоғамның әлеуметтік жағдайын күшпен бір деңгейде ұстау, байлық жинауға, бағалы заттар ұстауға тиым салу т.б. соңында елдегі жағымсыз құбылыстардың етек алуына әкелгенін көрсетеді. Мұнымен қатар, әсіресе қоғамның рухани өміріндегі шектеу салдары одан да жаман болған. Мемлекет отбасын құруға рұқсат берген. Бала тууға да шектеу қоймаған. Оның тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлген. Бірақ сол қатаң тәртіп, балаларды ата-анасынан алып арнайы мекемеде тәрбиелеу (ата-ана да, балалар да бірін бірі танымауы тиіс болған), бала көтермеген әйелге өзге еркектен балалы болуға рұқсат беру, өнерден жауынгерлік өнерді ғана мойындап, өзгелеріне, әсіресе жауынгерлік рухты әлсіретеді деп поэзияға, музыканың кейбір жанрларына қатаң тиым салу, соғысқа үнемі дайын болу сияқты талаптар қоғамның іштей іріп, соңында деградацияға ұшырауына әкелген. Нәтижесінде туу азайған (қашып кеткендер де көп болуы мүмкін), кезінде 10000-нан аса халқы бар елдің саны фивандықтармен соғысатын кезде 1000-ға да жетпепті. Осы тұрғыдан келгенде Платонның идеялар туралы ілімінің де, идеалды мемлекет теориясының да, ондағы өнерге қатысты ойларының да сынға ұшырауы негізсіз емес еді. Аристотельдің болмыс деп материя мен форманың бірлігін, яғни адам идеясы мен жекелеген адамды екіге бөлуден нақты өмір сүріп, жер басып жүрген адамның өмірі, оның тағдырының маңыздылығын айтқаны шынымен де ешбір талас тудырмауы тиіс. Сол сияқты өнер, ол бейнелейтін өмір, ондағы ізгілік пен зұлымдық, махаббат пен ғадауат, қуаныш пен қайғы қатар жүретін, қасірет пен мұң егіз өмірдің ащы шындығы да айтылмай тұрмайды. Қайта нағыз өнер соны айту арқылы адамның іштегі шерін тарқатып, жеңілдеуіне ғана емес, өмірдің сол батпандай ауырлығын көтеріп жүруіне де, адамдық келбетін сақтап, бойындағы титтей де болса адамдығын аман алып қалуына көмектеседі.

Платон сияқты ұлы ойшылдың осыны түсінбеуі мүмкін бе?.. Оның идеялар теориясы мен мемлекет туралы ойларын қарасаңыз, нағыз ақиқат заттар әлемінде емес, идеялар әлемінде. Яғни өмірдегі адамның ақиқат деп сенгені мен сұлулық деп тамсанғаны да, әділдік деп түсініп, қиындық, сәтсіздік, қайғы-қасірет деп жүргені де алдамшы, уақытша нәрселер. Шындықтың нағыз өзі емес, көлеңкелері ғана... Өтежан Нұрғалиев [2012, 311 б.] Платон идеяларының мәнін пайымдай келіп, сөз өнеріне қатысты: «Платон идеялардың көлеңкесін бейнелеген көркемсөз өнерін әдемі арулардың сұлулығын бейнелеген мрамор мүсіндерді – сол арулардың

өзінен әлдеқайда сұрқай деп санады. Өмір өнерден әлдеқайда биік. Табиғат өнер бейнелегеннен әлдеқайда әдемі, сан қырлы. Платонның өнер жайында айтқаны осындай» деп жазады.

Аристотель болса трагедия мен комедия, драма мен эпопеяның жайын баяндағанда еліктеудегі қимыл-қозғалыс, әрекет үстінде ойын жеткізбектің өнер иесі үшін маңыздылығына қатты көңіл бөледі. Туындының соңының қайғылы аяқталуын дұрыс деп есептейді [Нұрғали 2003, 15 б.]. Яғни адамның шебер шыққан жан-жануар, аң-құстың қимыл-қозғалысынан, ештеңенің атын атап, түрін түстеп жатпай-ақ жан-дүниенің нәзік пернесін басып, сезімнің күйін шертер туындыларды жоғары бағалайтыны рас. Трагедияның соңының қайғылы аяқталуын құптағаны, өмірдің өнер бейнелегенен әлдеқайда биік, әлдеқайда күрделі екенін ескергендіктен деп ойлаймыз.

Сократ та адамның ең тамаша қасиеті деп, оның қандай жағдайда да өзін-өзі ұстауын, қандай көңіл күйде болмасын, шаттықта да, қайғы-қамығуда да, неше түрлі құштарлықта да өзін-өзі билеп ұстауы қажеттігін айтады. Яғни ұлы Абайдың:

«Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Содан тапқан – шын асыл тастай көрме» –

дегені де адамға қажет, күннің жаманы кетеді десе де, өмірдегі кездескен қиындық, қайғы-қасірет бұлтының шыдай білгенге ертең-ақ сейіліп, аспанының жарқырап ашылатынына уағында сене алмайтын, осы сабыр, шыдамдылық, өзін-өзі ұстау мен қайғының да, қуаныштың да мәңгі баста тұрмайтын өткінші нәрсе екенін ұғынуға жетпей жататын, ешкімнің де кеңесі емес, тек жүрек түбінде ғана жататын терең ой емес пе! Өтежан Нұрғалиевтің [2012, 309 б.] «Платон менің досым, бірақ шындық Платоннан артық!». Бұл Аристотельдің сөзі. Сонда Платон өтірікші болғаны ма? – деп сауалдап, – Иә, Платон шындыққа бару үшін өтірікке барған. Ол өтірігі – оның идеясы. Идеялар әлемін бірінші кезекке қойғаны» деуінің мәні де осында.

Платон сынының астарлы мәні

Платонның еліктеу өнеріне күмән келтіруінің басты себебі шын мәнінде жоғарыда айтылғандар ғана емес, ол Жан-Поль Сартрдың [1947] «Әдебиет дегеніміз не?» [Сартр] атты еңбегінде, шындықты бейнелеудегі поэзияның прозаға қарағандағы өзіндік ерекшелігі мен сөз құдіретіне

байланысты деп санаймыз. Аталған шығармада Сартр проза мен поэзия, жазушы мен ақынды салыстыра келіп, прозаға қарағанда поэзияның тыңдаушыға әсерінің өзгеше болатынын айтады. Поэзияның сезімді жеткізудегі қуатының Гегель айтқандай бейнелеу өнері, музыкадан асып түсетінін көрсетеді. Сонымен қатар поэзияның прозадан айырмашылығы, оның бейнелеу өнері және музыкамен қатар тұрғандығында дейді. Себебі прозадағы сөз басқа нәрселерге сілтейтін белгі болатын болса, поэзиядағы сөз музыка мен бейнелеу өнеріндегідей үнділігі мен бояуының арқасында, яғни өзіндік ырғақ, әуенімен де ерекше мәнге ие. Ақынның жазушы сияқты емес, аз сөзге көп мағына сыйғызатын, сондай-ақ сөзді пайдалануда оның әдеттегі ауызекі сөйлеу немесе прозадағыдай емес, ойды жеткізудегі сөзге белгілі бір мән-мағына беретін сөйлеу бірлігі, мәтін құрылымының өзгеше болып келуі де поэтикалық шығарманың құндылығын арттыра түсетінін жазады. Сартр сонымен қатар ақынның сөзді қолданбайтынын, қайта оған қызмет ететінін айтады. Бірақ бұл ақындар сөзді мүлдем қолданбайды дегенді емес, оның шығармасындағы сөздің прозадағы жазушы қолданатын сөзден, сөз тіркестерінен бөлек екенін білдіреді. Себебі ақын қолданысындағы сөз басқа бір нәрсеге сілтейтін белгі емес, сол өзі жеткізгісі келген ойдың, эмоцияның, сезімнің нақ өзіне айналады. Бұл дегеніміз, поэзиядағы сөз өзі білдіретін мағынаға байланысты эмоция болсын, басқа да нәрселердің заттық болмысын иеленеді деген сөз. Яғни затқа тән тығыздыққа ие болады. Сартр мұны түсіндіргенде ақын үшін басқа емес, ең бастысы шығармашылық актісінің өзінің маңызды екенін, яғни поэтикалық шығарманың тууы үшін ең бірінші қаламгерге сөзден бұрын нені айтқысы келеді соның маңызды екенін айтады. Ал арғы жағында, – дейді, – сол жеткізбек сезімді белгілеуге сөз өзі-ақ табылады. Бұл поэзияның, бір сөзбен айтқанда, лықсып келген ой ағынының сөздік қалыпқа құйылып түсіп, сол жырлаған сезім, эмоцияның өзіне айналуы деген сөз. Басқаша айтқанда ақын жырлағанда жаттанды сөз, дайын штамп, кесіп-пішілген формат артқа ығысып, оның орнына дәл сол өмірдің өзіндей әрдайым жаңа, болмыстың өзіндей жұмбақ, құлаққа тосын, белгілі бір ой немесе сезімді жеткізетін жаңа сөздік құрылым пайда болады. Оның сырын автордың өзі де айқын түсіндіріп бере алмайды. Сол сөздердің ойға қалайша орала кетіп, қалайша орын-орнына келе қалғанына таң тамаша болады. Мұндай поэтикалық туындының тыңдаушыға да әсері күшті болмақ. Оны Сартр ақын үшін тілдік құрылымның дүние құрылымына сәйкес келетінімен түсіндіреді. Ақын қолданысындағы сөздің біздің күнделікті естіп, қолданып жүрген сөздерден айырмашылығы бар, өйткені, олардың сөздік құрылымында ерекше өзгерістер орын алады дейді. Яғни Сартрдың мұндағы айтып отырғаны ақын шығармаларында қарпайым қолданыстағы сөздердің өзінің ерекше құлпырып, өзгеше әсер

қалдыратын жаңа бір қырынан көрініп тыңдаушыны таң қалдырып, бауырап әкететін күшке айналатыны сияқты сөз құдіреті болса керек.

Қорытынды

Ойымызды қорытындылар болсақ, әдебиет жайлы алғашқы ой-пікірлердің грек ойшылдарының философиялық-эстетикалық категория ретінде «әдемілік» туралы алғашқы таным-түсініктерінен бастау алғаны белгілі. Солардың ішінен Платон мен Аристотель ғылыми таным мәселесін қозғап, ғылым тілі – ұғымдар әлемін ашып, интеллектуалдық әрекет, ғылыми таным деп – ұғымдарды қолдану арқылы іске асатын ой қызметі мен ұғымдар арқылы жүзеге асатын танымды анықтаған болатын. Осы ғылым тілінің қалыптасуымен, ертедегілердің әлі де бөліне қоймаған, адам-әлем, табиғат, өмір – біртұтас, айнала дүние, болмыс жайлы түсініктері, яғни, өнер болмысы абстрактілік ойлаудың көмегімен ғылыми таным объектісі ретінде бөліп алынып, зерделене бастады. Платонның өнер туралы ойлары да ғұламаның идеялар әлемі түсінігіне сәйкес келеді. Ол сезімдік шындықты нақты шындық емес, тек идеялардың, өмірдің көлеңкесі, нағыз шындық өмірлік идеяларда деп түсіндірді. Осыған сәйкес, өмірдің өнерден әлдеқайда биік, табиғаттың өнер бейнелегеннен әлдеқайда әдемі, сан қырлы екенін ескерген ойшыл, барлық өнер ақиқат дүниенің, идеялардың көлеңкесін бейнелейді деп білді.

Сондықтан да ол өнер түрлерінің ішіндегі ең ықпалдысы, шындықты жанды қимыл-қозғалыста суреттейтін, сөзді сүйектен өтетіндей етіп ұштап, құрылымын өзгертіп, суреттеп отырған дүниесінің, шындықтың тура өзіне айналдырып жібере алатын, яғни «сөздерді саз балшықша илей отырып, дегеніне көндіріп, қарапайым тілді ауыздықтау арқылы «қалыптасқан поэтикалық сөйлемге» түрлендіретін» [Әдебиет теориясы 2019, 40 б.], шығармаларына өмірдің ащы шындығын арқау еткен сөз өнерін болашақ мемлекет басқарушылар, философтар болып табылатын қоғамның қаймағы деп есептеген мемлекет қорғаушыларының тәрбиесіне нұқсан келтіреді деп санады. Себебі Платонның мемлекет қорғаушылары қарапайым шаруа да, әскери адамдар да емес, олардан жоғары тұрған, Кеңес үкіметі кезіндегі коммунистермен салыстыруға болатын таңдаулы адамдардың тобы болатын.

Библиография

Әбу Насыр әл-Фараби. 2007. ‘Азаматтық саясат’. 10 томдық шығармалар жинағы. 5-том. *Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика*. (2 бөлім). Астана, ТОО «Лотос – Астана», 299 б.

‘Әдебиет теориясы: Антология. I том’. 2019. Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 568 б.

Гегель, Г. 2018. ‘Лекции по эстетике’. Том 1. Идея прекрасного в искусстве, или идеал. [Электронный ресурс] URL https://esthetiks.ru/gegel-lektsii-po-estetike/tom-1.html (дата обращения: 19.08.2018).

Қайырбеков, Ғ. 1968. ‘Ұсыныс хат’. ҚР ОМА 1778 қор, 1 тізбе, №309 іс, 6 б.

Нұрғали, Р. 2003. ‘Аристотель. Поэтика. Әдебиет теориясы’. Нұсқалық. Астана, Фолиант, 344 б.

Нұрғалиев, Ө. 2012. ‘Көне соқпақтар, соны сұхбаттар’. *Мақалалар, сұхбат-толғамдар.* Алматы, Республикалық оқулық баспа орталығы, 496 б.

Платон. ‘Апология Сократа’. [Электронный ресурс] URL https://www.gumer.info/bogoslov_Buks/Philos/Platon/ap_sokr.php (дата обращения: 14.08.2018).

Платон. ‘Подражательная поэзия портит нравы и подлежит изгнанию из государства’. Государство. Книга X. [Электронный ресурс] URL http://psylib.ukrweb.net/books/plato01/26gos10.htm (дата обращения: 14.08.2018).

Платон. ‘Символ пещеры’. Государство. Книга VII. [Электронный ресурс] URL http://psylib.org.ua/books/plato01/26gos07.htm (дата обращения: 21.08.2018).

Рассел, Б. 2020. ‘Батыс философиясының тарихы’. Алматы, «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 896 б.

Сартр, Ж.П. ‘Что такое литература?’ [Электронный ресурс] URL http://testlib.meta.ua/book/192466/read/ (дата обращения: 01.08.2019).

Штегмайер, В. ‘Жак Деррида: деконструкция европейского мышления’. Баланс. [Электронный ресурс] URL http://anthropology.ru/ru/text/shtegmayer-v/zhak-derrida-dekonstrukciya-evropeyskogo-myshleniya-balans (дата обращения: 28.03.2017).

Transliteration

Ábý Nasyr ál-Farabı. 2007. ‘Azamattyq saıasat’ [Civil Policy]. 10 tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. 5-tom. *Áleýmettik fılosofıa. Etıka. Estetıka* (2 bólim). Astana, TOO «Lotos – Astana», 299 b.

‘Ádebıet teorıasy: Antologıa. I tom’ [Literary Theory: Anthology. And tom]. 2019. Jýlı Rıvkın men Maıkl Raıannyń redaksıasymen. Almaty, Ulttyq aýdarma búrosy, 568 b.

Nurǵalı, R. 2003. ‘Arıstotel. Poetıka. Ádebıet teorıasy’ [Aristotle. Poetics. Literary theory]. Nusqalyq. Astana, Folıant, 344 b.

Sartr, J. ‘Chto takoe lıteratýra?’ [What is Literature?]. [Elektronnyı resýrs] URL http://testlib.meta.ua/book/192466/read/ (data obrashenıa: 01.08.2019).

Nurǵalıev, Ó. 2012. ‘Kóne soqpaqtar, sony suhbattar’ [Old Paths, Original Conversations]. *Maqalalar, suhbat-tolǵamdar.* Almaty, Respýblıkalyq oqýlyq baspa ortalyǵy, 496 b.

Platon. ‘Apologıa Sokrata’ [Apology of Socrates]. [Elektronnyı resýrs] URL https://www.gumer. info/bogoslov_Buks/Philos/Platon/ap_sokr.php Shtegmaıer V. Jak Derrıda: dekonstrýksıa evropeıskogo myshlenıa. Balans. http:// anthropology.ru/

ru/ text/shtegmayer-v/zhak-derrida-dekonstrukciya-evropeyskogo-myshleniya-balans (data obrashenıa: 28.03.2017).

Platon. ‘Podrajatelnaıa poezıa portıt nravy ı podlejıt ızgnanıý ız gosýdarstva’ [Imitative Poetry Spoils Morals and is Subject to Expulsion From the State]. Gosýdarstvo. Knıga X. [Elektronnyı resýrs] URL http://psylib.ukrweb.net/books/plato01/26gos10.htm (data obrashenıa: 14.08.2018).

Gegel, G. 2018. ‘Leksıı po estetıke’ [Lectures on Aesthetics]. Tom 1. Ideıa prekrasnogo v ıskýstve, ılı ıdeal. https://esthetiks.ru/gegel-lektsii-po-estetike/tom-1.html (data obrashenıa: 19.08.2018).

Platon. ‘Sımvol peshery’ [Cave Symbol]. Gosýdarstvo. Knıga VII. [Elektronnyı resýrs] URL http:// psylib.org.ua/books/ plato01/26gos07.htm (data obrashenıa: 21.08.2018).

Qaıyrbekov, Ǵ. 1968. ‘Usynys hat’ [Letter of Recommendation]. QR OMA 1778 qor, 1 tizbe, №309 is, 6 b.

Rassel, B. 2020. ‘Batys fılosofıasynyń tarıhy’ [History of Western Philosophy]. Almaty, «Ulttyq aýdarma búrosy» qoǵamdyq qory, 896 b.

Куранбек А.А., Таиржан О.

Отежан Нургалиев и критика Платоном искусства слова

Статья посвящена исследованию творчества видного казахского акына Өтежана Нургалиева с позиции сопоставления с философией Платона и рассмотрения искусства слова. В центре внимания его учение об искусстве, в частности, критика сути искусства слова, учения о бытии, познании и идеях, а также сравнение языка поэзии Ж.-П. Сартра с языком прозы. В статье обосновывается, что искусство подражания отображает не саму действительность, а ее тень, или даже «тень тени», раскрывается секрет глубокого осознания им социальной, воспитательной значимости и социальной ответственности искусства.